Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 184-186

ТЕХНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоламанова А.

Әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге талпынған кез келген елдің, ұлттың өз мақсатына жету жолындағы басты қаруы - ұлттық рухани құндылықтарды негізге ала отырып, әрбір жеке адамның білім алуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының „Білім туралы” Заңында да білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы ретінде азаматтардың тұлғалық, психологиялық, физиологиялық, интеллектуалдық даму деңгейін арттыру үшін олардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Қоғамның белді тұлғасы болып саналатын жеке адам да сол қоғамнан тыс қалмас үшін өз тарапынан өзін-өзі үнемі жетілдіріп отырады.

Кез келген адамның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету білім беру жүйесін ақпараттандырумен тығыз байланысты. Себебі, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері, жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері адамның интеллектуалдық, шығармашылық, гуманистік потенциалының даму мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізетіндігі сөзсіз.

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «E-learning» электрондық оқытуды енгізу көзделіп отыр. Оның мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламада білім беру жүйесін ақпараттандыруды жүзеге асырудың негізгі бағыттары ретінде мына мәселелерге баса назар аударылған:

- электрондық білім беруге арналған электрондық ресурстармен және контентпен қамтамасыз ету – мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде жүзеге асырылады;
- технологиялық инфрақұрылымды дамыту білім беру ұйымдарын өткізу мүмкіндігі 4 – 10 Мбит/сек. Интернет жүйесіне қосуды көздейді;
- Интернет желілеріне білім беру ұйымдарының 90 %-ынан астамы қосылатын болады;
- кең жолақты Интернетке қосылу, электрондық білім беру жүйесі үшін жабдықтармен қамтамасыз ету және жеткізушілердің қызмет көрсетулерін таңдау мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілетін болады;
- білім беру ұйымдарының 90 %-ының қажетті оқу ресурстары бар Интернет-ресурстары болады;
- негізгі және бейіндік орта мектепте оқытылатын әрбір пән бойынша интерактивті және зияткерлік цифрлы білім беру ресурстары әзірленетін болады;

- орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын цифрлы білім беру контентімен (қандай да бір ақпараттық ресурспен – мәтін, кескіндеу, музыка, бейне, дыбыс және т.б. толықтыру (мысалы: интернет ресурстар контенті) ашық қолжетімділікте толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр;

- оқытушылар жасаған электрондық білім беру ресурстары (медиатекаларды бір орталықтан құру және ресурстармен толтыру) дамытылады.

Техникалық пәндерді оқытуда ақпараттық технология мұғалімге төмендегідей мүмкіндіктер береді:

-аудиовизуалды құралдарды қолдану оқу материалының мазмұнын түсінікті,қызықты етеді;

-оқу материалын түрлі динамикалық суреттермен жан – жақты бірнеше қырынан түсіндіруге болады;

-қарапайым жағдайларда қиындық туғызатын заңдылықтарды көрсетуге болады;

-тәжірибелер мен эксперименттерді виртуалды лаборатория арқылы көрсетуге болады;

-оқушылардың білімін есепке алу мақсатында тез және тиімді жолмен тест алуға болады;

-оқушыларды өзіндік жұмыс және анықтамалықпен жұмыс жасауға үйретугеболады;

-оқушының жеке ерекшеліктеріне сай жағдай жасалады;

-ақпараттық мәдениеттің дамуына және ақпараттық құралдармен еркін жұмыс жасауына ықпал жасалынады.

Ақпараттық технологияларды қолданған сәтте бағыт – бағдар беруші функциясын атқарады. Ақпараттық технологиялар сабақтың барлық кезеңінде пайдаланылады. Мысалы, жаңа сабақты меңгерту кезеңінде материалды құрастыруға, оқыту үрдісін өзектендіруге, тақырыпты слайд түрінде дайындау уақытты үнемдеуге әкеліп оқушыларға тақырыпты тез және жеңіл түсінуге ықпал етеді. Бекіту кезеңінде берілетін деңгейлік, танымдық тапсырмаларды слайд түрінде әзірлеп, орындауға уақыт беріледі. Оқушыға өзін - өзі тексерту мақсатында келесі слайдқа дұрыс жауаптары беріледі, яғни мұғалімнің де, оқушының да уақыты үнемделеді. Тәжірибелік сабақта маңызы тіпті ерекше . Себебі көптеген техникалық макеттер мен құрылғылардың жетіспеуіне байланысты кейбір тәжірибелерді көрсету мүмкін емес.

Сондықтан бұл тығырықтан шығуда бірден виртуалды лаборатория көмекке келеді. Қайталау сабағында қай мұғалімге болмасын ақпараттың көптігі проблема туғызады деп ойлаймын, осы тұрғыда мультимедиялық презентация, компьютерлік бағдарламамен құрастырылған тест, т.б. тапсырмалар оқушы білімін есепке алуда үлкен мүмкіндіктер ашады.

Жаңа ақпараттық технологияның осы бір негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулалар, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады.

Сонымен біз техникалық пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктеріне келесі қорытындыға келдік: кәсіптік білім беру мекемелерінде компьютерлік-инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары айқындалатын болса, онда білім алушылардың ақпараттық сауаттылық сапасы артып, ақпараттық мәдениет деңгейі көтеріледі, өйткені әлемдік деңгейде сапалық сараптамадан өткен компьютерлік-инновациялық технология ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың негізі болып табылады